

Жақсы ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № а-4/173 "Жақсы ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № а-2/80 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 7789 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 19 наурыздағы № а-2/52 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 19.03.2021 № а-2/52 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Жақсы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жақсы ауданы әкімдігінің "Жақсы ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы" 2018 жылғы 31 мамырдағы № а-4/173 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6676 болып тіркелген, 2018 жылғы 26 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

6-қосымшада Қызылсай ауылы алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Л. Сейдахметоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жақсы ауданы әкімі

Б.Малгаждаров